

«БЕКІТІЛДІ»

Басқарма мүшесі — ғылым,
коммерциялану және
интернационалдану жөніндегі
профессор

Ж. Құрманғалиева

« 2024 г.



«Еуразия халықаралық құқық журналы» (ЕАХҚЖ) РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ

«Eurasian Journal of International Law (EJIL)» («Еуразия халықаралық құқық журналы» (ЕАХҚЖ), «Евразийский журнал международного права» (ЕАЖМП) ғылыми журналын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ, Қазақстан) мен Ресей халықтар достығы университеті (РХДУ, Ресей) 2022 жылдан бастап шығара бастады.

Редакция алқасы құрамына жоғары оқу орындарында, ҒЗИ, Президент Әкімшілігінде, Парламентте, Жоғарғы сот және басқа да мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда жұмыс тәжірибесі бар Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің, Қырғызстан және Тәжікстанның көрнекті ғалымдары мен практиктері кірді. Олардың қатарында БҰҰ үш қызметкері, яғни БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитетінің мүшесі, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің бұрынғы мүшесі, БҰҰ Арнайы баяндамашысы бар.

Журналдың мақсаты – қазақстандық ғылымды халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялау, халықаралық құқық саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің өзекті бағыттары бойынша Еуразия кеңістігі ғалымдарының мынадай мәселелер бойынша ғылыми зерттеулерінің жаңа идеялары мен нәтижелерін ұсыну:

- халықаралық құқық пен интеграциялық құқықтың қазіргі жағдайы мен дамуы (Еуропа Одағы, ЕАЭО, ТМД және т.б.);
- мемлекеттердің адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық органдармен және ұйымдармен ынтымақтастығы;
- халықаралық, интеграциялық және мемлекетішілік құқықтың арақатынасы мен өзара іс-қимылы;
- халықаралық құқықтың тарихы, теориясы мен әдіснамасы және теориялық және практикалық қызығушылық тудыратын қазіргі халықаралық құқықтың басқа да өзекті аспектілері.

Журналдың міндеттері:

- халықаралық құқықтың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың пікір алмасуы үшін ашық диалог алаңына айналу;
- сараптама процесіне білімнің тиісті салаларындағы жетекші ғалымдарды, мамандарды тарту арқылы ғылыми басылымдардың әлемдік стандарттарын енгізу;
- отандық және шетелдік мамандандырылған деректер базасында ғылыми басылымның рейтингін арттыру;
- географиялық және институциялық шектерге қарамастан отандық және әлемдік ғылымды жаңа идеялармен байыту;
- «ашық қолжетімді» (Open access) ғылыми басылымының типі бойынша журналды дамыту;
- халықаралық деректер базасында және ашық электрондық ресурстарда журналдың қатысуын кеңейту;
- журналды шетелдік оқырмандарға қол жетімді ету, яғни зерттеудің мәнін кеңейтілген түрде (*Abstract*) және түйін сөздерді (*Keywords*) ағылшын тілде жариялау, пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын әліпбиінде (*References*) қайталау;
- редакция алқасы құрамын Web of Science немесе Scopus халықаралық деректер базасындағы журналдың тақырыптық бағыты бойынша Хирш индексі жоғары шетелдік ғалымдарды тарта отырып кеңейту;

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Ашық қол жетімділік саясаты. Ғылыми басылым саясатын іске асыру «зерттеу нәтижелері еркін, ашық қол жетімді болуы жалпыға бірдей білімнің артуына ықпал етеді» деген негізгі қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

Мұрағаттау. Ғылыми журналдың электрондық нұсқалары қор қалыптастыру және электронды кітапханаға енгізілу үшін «ҰМҒТСО» АҚ-на ұсынылады. Журнал материалдары Elibrary.ru базасында мұрағатталады.

Журналдың редакция алқасы өз авторларына жарияланған материалдарды (журналға сілтеме жасай отырып) басқа да репозиторийлерге орналастыруға кедергі келтірмейді.

Жариялау шарттары. Журналдың редакциясына түскен барлық қолжазбалар басылымның техникалық және өзге де талаптарына сәйкес келуі және «екіжақты жабық» рецензиядан өтуге тиіс. Рецензиялар негізінде журналдың редакция алқасы жариялау туралы қорытынды шешім қабылдайды.

Лицензиялау. Журнал өзінің мазмұнына Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы бойынша тегін негізде тікелей ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Авторлар өздерінің авторлық құқығын сақтайды, шығарманың авторын көрсетіп, осы журналға сілтеме жасаған жағдайда материалды еркін көшіруге, таратуға мүмкіндігі бар.

Мақалаларды қарау рәсімі

Қолжазбаларды қабылдау әр тоқсанның алғашқы 2 айында жүзеге асырылады.

1. Негізгі автор (хат-хабар алмасатын автор) журналдың электрондық порталында тіркеледі, материалдарды екі файл түрінде жүктейді, олардың біреуінде авторлар туралы ақпарат (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы мәліметтер) болмауға тиіс. Автор жіберген қолжазба журналдың редакциясына түседі. Журнал редакциясы қолжазбаның техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді.

Автор журнал редакциясына қолжазбамен бірге осы қолжазбаның дербес сипаты, мақаланы плагиатқа тексеруге келісімі, әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған шығарманың толық мәтінді нұсқаларына қосуға келісімі және баспагерге айрықша құқықтар беруге келісім туралы ілеспе хат жолдайды (**1-қосымша**).

2. Журнал редакциясы плагиатқа автоматты тексерудің лицензиялық жүйесі арқылы қолжазбаны орындау дербестігін тексеруді жүзеге асырады (<https://antiplagiat.enu.kz/>).

Мақала мәтінінің түпнұсқалығы кемінде 70% болуы керек. Түпнұсқалық деңгейі 50%-дан 70%-ға дейінгі мақалалар авторға пысықтау үшін жіберіледі. Түпнұсқалығы 50%-дан аз мақалалар қабылданбайды. Түпнұсқалық деңгейі жеткілікті мақалалар рецензиялауға жіберіледі.

Қолжазбаны плагиатқа тексеру бойынша электрондық есептер авторларға берілмейді. Редакция қажет болған жағдайда авторға түпнұсқалық пайызы көрсетілген анықтама ұсына алады.

Бұрын жарияланған мақалалар, олардың басқа тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын және т.б.) аудармалары, сондай-ақ басқа журналдарда (басылымдарда) рецензиялау үшін ұсынылған мақалалар қарауға қабылданбайды. Журнал редакциясы бұл туралы негізгі хат-хабар алмасатын авторға хабарлайды. Мақала қабылданбаған жағдайда, редакция бас тарту себептері туралы пікірталас жүргізуге міндетті емес.

Журнал редакциясы қажетті түпнұсқалық межесінен өткен мақаланы бас редакторға (бағыт бойынша жауапты редакторға (бас редактордың орынбасары) жібереді. Бас редактор (жауапты редактор (бас редактордың орынбасары) мақаланың журнал тақырыбына сәйкестігін қарастырады. Сәйкес келмеген жағдайда журнал редакциясы жариялаудан бас тартудың негіздемесін көрсетіп авторға электронды хат жібереді.

3. Бас редактор (бағыт бойынша жауапты редактор) бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақала бойынша тиісті тақырып бойынша рецензентті, ғалымды немесе маманды айқындайды. Бұл процедура OJS (Open Journal System) жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Журнал редакциясы мақаланың журналда жариялану мүмкіндігін анықтау үшін қолжазбаны рецензентке плагиатқа тексеру бойынша толық есебімен бірге жібереді.

5. Журналда екіжақты (жабық) рецензиялау рәсімі қолданылады, редакция рецензенттер мен авторлардың ат-жөндері туралы мәліметті жабық сақтайды. Мақаланы алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде рецензент журнал редакциясына мақала бойынша зерттелетін тақырыптың өзектілігін, автордың ғылым саласына қосқан үлесін, алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығын бағалауды қамтыған негізді рецензияны ұсынады. Барлық рецензиялар мақаланы жариялауға ұсыну (түзетуге жіберілген немесе өзгеріссіз) немесе оның қайтарылуы туралы толық ақпаратқа ие. Барлық рецензиялар журнал редакциясына түседі.

Рецензияда мақаланы түзету туралы ұсыныс болған жағдайда, автор мақаланың түзетілген нұсқасын мүмкіндігінше қысқа мерзімде ұсынуы қажет. Мақаланы түзету авторларға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберілгеннен бастап бір аптадан аспай орындалуға тиіс. Мақаланың түзетілген нұсқасы рецензентке қайта қарау үшін жіберіледі. Бұл процесс рецензенттің мақала бойынша түпкілікті шешімін алғанға дейін қайталанады. Рецензенттің ескертулерімен келісіп, бірақ оларды түзетуге ниет білдірмеген жағдайда (ескертулерді толық жоймай мақаланы үшінші рет ұсынғаннан кейін) мақала қабылданбайды. Рецензенттің ескертулерімен келіспеген жағдайда автор/авторлар журналдың бас редакторына негіздемеге сүйенген хат жібереді. Бас редактор автордың/авторлардың өтінішін қарастыра отырып, шешім қабылдайды.

Егер автор рецензия жіберілген күннен бастап екі апта өткеннен кейін түзетілген нұсқаны ұсынбаса, сондай-ақ мақаланы түзетуден бас тартқан авторлардан мәліметтер болмаса, редакция оны есептен шығаруға құқылы. Мұндай жағдайларда авторларға түзетуге берілген мерзімнің өтуіне байланысты қолжазба есептен шығарылатыны туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

Редакция алқасының мақала бойынша барлық рецензиялары мен шешімдері мақала жіберу барысында метадеректерде көрсетілген негізгі авторға (немесе хат-хабар алмасатын авторға) жіберіледі. Мақала бойынша барлық материалдар (мақаланың соңғы нұсқасы, рецензиялар, плагиат бойынша есеп және олар болған жағдайда басқа құжаттар) редакция алқасының отырысына жолданады. Журналда мақаланы жариялау мүмкіндігі туралы шешімді рецензенттердің пікірлері негізінде журналдың редакция алқасы қабылдайды. Редакция алқасынан теріс пікір алған немесе қайтарылған мақалалар қайта қарастыруға қабылданбайды. Мақалалар бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда түпкілікті шешімді журналдың бас редакторы қабылдайды.

6. Жариялау материалдың дайын болуына қарай жалпы кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Редакция дайындалып жатқан шығарылымдардың айдарларына сәйкес кезекті қалыптастыруға құқылы.

7. Нөмірдің мазмұны анықталғаннан кейін редакция мақала мәтіндерін (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) түзету мен журналдың макетін жинақтауды ұйымдастырады.

«Еуразия халықаралық құқық журналына» мақалалар беру бойынша авторларға арналған нұсқаулық

Журнал редакциясы авторлардан журналға жіберілетін жұмыстарды дайындау кезінде сақталуға тиіс ережелермен (журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау рәсімін, жариялау этикасын қамтитын журнал редакциясының саясатымен) танысуды сұрайды.

1. Автордың (авторлардың **саны 3-тен аспауға тиіс**) мақаланы редакцияға жіберуі баспагердің – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналда мақала басып шығару және оны кез келген шет тілінде қайта басу құқығына олардың келісімін білдіреді. Журналдың бір нөмірінде бір автордан 1-ден артық жарияланым жариялауға жол берілмейді. Мақаланың мазмұнына автор (авторлар) жауапты.

2. Мақала редакцияға (ашық журнал жүйесі (OJS) арқылы) Word файлында ұсынылады (бет – А4, барлық жағынан шеттер – 20 мм. Шрифт: Times New Roman, өлшемі 14).

XFTAP <http://grnti.ru/> бірінші жол, сол жақ; автор(лардың) инициалдары мен тегі – ортасына туралау, курсив; ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істесе, автордың аты-жөнінің және тиісті ұйымның қасына белгі қою керек; автор(лар)дың электронды поштасы – жақшада курсивпен; мақаланың тақырыбы – ортасына қою қара шрифтпен). Стилль файлын журналының веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

Авторлар қолжазбаның екі нұсқасын ұсынуы керек, олардың біреуінде авторлар туралы ақпарат (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы ақпарат) болмауы қажет, себебі «екіжақты жабық» рецензиялауда анонимді мәтін талап етіледі. Сондай-ақ, автор(лар) Ілеспе хат ұсынуы қажет (Ілеспе хат шаблонын журналының веб-сайтынан алуға болады). Мақала файлдарын мақала тақырыбының алғашқы 4-5 сөзімен атау керек (мысалы: 1. Халықаралық құқықты оқыту әдістемесі туралы – автормен файл; 2. Халықаралық құқықты оқыту әдістемесі туралы – авторсыз файл).

3. Мақала көлемі 6-16 беттен аспауы қажет. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аңдатпа, түйін сөздер, әдебиеттер тізімі, референс, авторлар туралы мәліметтер мақала көлеміне кірмейді. Көрсетілген көлемнен асатын жұмыстар журналдың редакция алқасының айрықша шешімі бойынша ерекше жағдайларда жариялауға қабылданады.

4. Жұмыс мәтіні **XFTAP айдарынан** басталады. (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат айдары, келесі сілтеме арқылы <http://grnti.ru/>), ары қарай автордың(лардың) аты-жөні мен тегі, ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет, автордың(лардың) e-mail, мақаланың тақырыбы, аңдатпа, түйін сөздер жазылады.

Аңдатпа (Abstract) зерттеу мақаласының қысқаша мазмұны және оқырманға мақаланың мәнін тез түсінуге көмектесу үшін қолданылады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі әрқайсысының көлемі 150 сөзден кем емес,

бірақ 200 сөзден аспауы қажет. Аңдатпа құрылымы келесі тармақтарды қамтиды:

- зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз;
- ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары.
- жүргізілген зерттеудің мәні (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі).
- жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні.

Түйін сөздер (7 сөзден немесе сөз тіркестерінен көп емес) мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуге, зерттеудің пәндік саласын анықтауға, мақала мәтінінде кездесуге тиіс. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы ажыратылады.

Журнал авторлары **мақала құрылымы бойынша** тақырыптарға сәйкес келесі ережелерді сақтауы керек:

Мақала мынадай құрылымға ие болуға тиіс (алғашқы үш тармақ – қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде):

1. *Тақырып және автор (авторлар) туралы деректер* – автордың аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны, қаласы, елі, ORCID; жарияланымдардың барлық авторларының электрондық поштасы (оның ішінде негізгі авторды көрсете отырып).

2. *Аңдатпа (Abstract)* (150-250 сөз).

3. *Түйін сөздер (Keywords)* (8-10 сөз).

4. *Кіріспе (Introduction)*.

5. *Материалдар мен әдістер (Materials and methods)*.

6. *Нәтижелер мен талқылау (Results and discussion)*.

7. *Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса) (Acknowledgements)*.

8. *Әдебиеттер тізімі және транслитерацияланған әдебиеттер тізімі* – References бар болуы (транслитерация <http://translit-online.ru> веб-сайтта жүзеге асырылады.)

Ағылшын немесе орыс тілдерінде мақалалар жіберген шетелдік авторлар үшін мақаланың тақырыбын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпа мен түйін сөздерді қазақ тіліне аударуды журнал редакциясы жүзеге асырады.

Кіріспе (Introduction) келесі негізгі элементтерден тұрады:

- тақырыпты таңдаудың негіздемесі, тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттау арқылы тақырыпты таңдауды негіздеуде проблемалық жағдайдың бар екені (қандай да бір зерттеулердің болмауы, жаңа объектінің пайда болуы және т.б.) туралы хабарланады. Тақырыптың өзектілігі осы объектіні зерттеуге деген жалпы қызығушылықпен анықталады, бірақ бар сұрақтарға толық жауаптардың

жоқтығы тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді.

- жұмыстың объектісін, тақырыбын, мақсаттарын, міндеттерін, әдістерін, тәсілдерін, гипотеза мен мәнін анықтау. Зерттеудің мақсаты тезисті дәлелдеумен, яғни автордың таңдаған аспектісінде зерттеу тақырыбын ұсынумен байланысты болады.

Материалдар мен әдістер (Materials and methods) бөлімі материалдардың сипаттамасынан, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек.

Ғылыми әдістеме мыналарды қамтуы керек:

- зерттеу сұрақтары;
- ұсынылған гипотеза (тезис);
- зерттеу кезеңдері;
- зерттеу әдістері.

Зерттеу материалының сипаттамасы оны сапалық және сандық тұрғыдан ұсынуды қамтиды. Материалдың сипаттамасы (халықаралық-құқықтық актілер, НҚА, мемлекеттік бағдарламалық құжаттар, ресми статистика, ғалымдардың еңбектері және т.б.) – зерттеу нәтижелері мен әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.

Егер мақаламен жұмыс істеу барысында жасанды интеллект (ChatGPT) пайдаланылған болса, бұл туралы осы бөлімде айтылады.

Нәтижелер мен талқылау (Results and Discussion) – мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі. Бөлімде зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау келтіріледі. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша тұжырымдар келтіріледі, негізгі мәні ашылады. Онда жұмыс нәтижелері талдануы және алдыңғы жұмыстармен, талдаулармен және қорытындылармен салыстырыла отырып, тиісті нәтижелер талқылануы қажет.

Қорытынды (Conclusion) – осы кезеңдегі жұмысты жалпылау және қорытындылау, автор айтқан тұжырымның ақиқатын растау және алынған нәтижелерді ескере отырып, ғылыми білімнің өзгеруі туралы автордың қорытындысы. Тұжырымдар абстрактілі болмауы керек, олар ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып, белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін пайдаланылуы керек.

Қорытынды құрылымы келесі сұрақтарды қамтуы керек: зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай? Қандай нәтижелер алынды? Қандай тұжырымдар бар? Нәтижелерді енгізу, қолдану перспективалары мен мүмкіндіктері қандай?

Әдебиетке шолу (Literature review) секциясында отандық және шетелдік авторлардың зерттелген тақырып бойынша іргелі және жаңа еңбектері, осы еңбектерді олардың ғылыми үлестері тұрғысынан талдау, сондай-ақ зерттеудегі олқылықтар қамтылуға тиіс.

Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелерге немесе автордың өз жетістіктері туралы орынсыз пікірлерге, автордың алдыңғы жұмыстарына сілтемелерге **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**.

Осы талаптардың біреуінің өзі сақталмаған жағдайда мақала қарауға қабылданбайды.

1. Кестелер тікелей жұмыс мәтініне енгізіледі. Олар нөмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме жасалуы керек. Суреттер, графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік сызбалар 600 dpi ажыратымдылығымен орындалуы керек. Суреттерде барлық мәліметтер нақты көрсетілуі керек.

2. Әдебиеттер тізімінде тек жұмыс мәтінінде сілтемелері бар дереккөздер (дәйексөз тәртібімен немесе ағылшын алфавитінің тәртібімен нөмірленген) болуы керек. Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме жасауға жол берілмейді. Әдебиеттер тізімі 7-ден астам дереккөзден тұруы керек.

Әдебиеттер тізімінде соңғы 10 жылда жарияланған дереккөздер кемінде 50% болуы керек. Сілтемелер берілген дереккөздердің сапасы мен саны мақаланың өзектілігін көрсетеді. Сондықтан авторларға келесі нұсқауларды орындау ұсынылады:

мақала авторлары мен бірлескен авторларының әдебиеттер тізіміндегі жарияланымдарының рұқсат етілген саны жалпы санның 20%-дан аспауға тиіс.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу («Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттау. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» 7.1-2003 MEMC бойынша)

Кітапты рәсімдеу:

а) Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Санкт-Петербург: Питер. Ком. – 2013. – 720 с.

Журналдағы мақаланы рәсімдеу:

б) Забродин Ю.М. Методологические проблемы исследования и моделирования функциональных состояний человека-оператора // Вопросы кибернетики. Психические состояния и эффективность деятельности. – 2021. – Т. 3. № 25. – С. 15-21. DOI: ...(при наличии).

Конференция материалдарын рәсімдеу:

в) Семенова В.Г. Самостоятельная работа студентов как важнейшая форма организации учебного процесса в рамках компетентностной модели образования // Организация самостоятельной работы студентов: материалы докладов II Всероссийской научно-практической интернет-конференции. – Саратов: Новый проект, 2013. – С. 10-15.

Газеттегі мақаланы рәсімдеу:

г) Ахметова Н.Р. Психология студенческого возраста // Педагогический вестник. – 2020. – № 12. – С. 4.

Журналдағы ағылшын тіліндегі мақаланы рәсімдеу:

д) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. Instructors' attitudes toward active learning // Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects. – 2015. – Vol. 5. – P. 215-232.

Интернет көздерді рәсімдеу:

е) Baldwin G. The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://www.cshe.unimelb.edu.au/> (дата обращения: 15.08.2017).

1. Содан кейін әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі келтірілген. Транслитерация сілтеме бойынша <http://translit-online.ru/>

онлайн аудармашыны пайдалану арқылы келтіріледі. Бұл онлайн аудармашы қазақ әліпбиінің өзгеше әріптерінің транслитерациясын жүргізбейді. Мұнда авторлар қазақ мәтінін транслитерациялағаннан кейін келесі ережелерді басшылыққа ала отырып, түзету енгізуге тиіс:

Ә	Ғ	Ң	Ө	Ү	Ұ	Қ	І
a	g	n	o	u	y	k	i

Әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөліктері тіркесімінің мысалы:

Book design:

A) Rubinstein S.L. Osnovy obshhej psihologii [Basics of general psychology] (Piter.Kom., SPb, 2017, 720 p.). [in Russian]

Journal article design:

B) Zabrodin Ju.M. Metodologicheskie problemy issledovaniya i modelirovaniya funkcional'nyh sostojanij cheloveka-operatora [Methodological problems of studying operator functional state modeling], Voprosy kibernetiki. Psihicheskie sostojaniya i jeffektivnost' dejatel'nosti [Questions of cybernetics. Mental status and performance], 3(25), 15-21 (2018). [in Russian]

Conferences proceedings design:

C) Semenova V.G. Samostoyatel'naya rabota studentov kak vazhneyshaya forma organizatsii uchebnogo protsessa v ramkakh obrazovatel'noy kompetentnostnoy modeli [Independent work of students as the most important form of organization of educational process within the educational competence model], Organizatsiya samostoyatel'noy raboty studentov: materialy dokladov II Vserossiyskoy nauchnoprakticheskoy internet-konferentsii, Saratov: Novyy proyekt [Organization of independent work of students: materials of reports of the II all-Russian scientific-practical Internet-conference, Saratov: New project], 10-15 (20022). [in Russian]

Newspaper articles design:

D) Ahmetova N.R. Psihologiya studencheskogo vozrasta [Student psychology], «Pedagogicheskij vestnik» [Pedagogical messenger], 12, 4 (2013). [in Russian]

Article from the journal in English design:

E) Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. Instructors' attitudes toward active learning, Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects, 5, 215-232 (2020).

Internet resources design:

F) Baldwin G. The teaching-research nexus: How research informs and enhances learning and teaching in the University of Melbourne. [Electronic resource] – Available at: <http://www.cshe.unimelb.edu.au/.htm> (accessed: 15.08.2021).

Егер дереккөздің ресми аудармасы бар болса және ағылшын тілінде де шығарылған болса, онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аударманы көрсету қажет.

Мысалы, мақала:

Баилов Е.А., Сихов М.Б., Темиргалиев Н. Об общем алгоритме численного интегрирования функций многих переменных // Журнал вычислительной математики и математической физики. – 2014. – Т. 54. – № 7. – С. 1059-1077.

Ресми аудармасы бар болса:

Bailov E.A., Sikhov M.B., Temirgaliev N. General algorithm for the numerical integration of functions of several variables, Computational Mathematics and Mathematical Physics. – 2014. – Vol. 54. – Issue 7. – P. 1061-1078.

Авторлар назарына!

2025 жылдың бірінші номерінен бастап ЕАХҚЖ-на библиографияны құрастырған кезде **Harvard Referencing Style** қолдану ұсынылады.

Жалпы ережелер

Harvard Referencing Style қолданған кезде әдебиеттер тізімін қалыптастыру алфавиттік тәртіппен жүзеге асырылады. Нөмірлеу қарастырылмаған. **Библиографиялық тізімде** мақалада келтірілген барлық кітаптар, мақалалар, диссертациялар және басқа да ғылыми еңбектер көрсетілуі керек. Тізім жұмыстың соңында орналастырылады.

Халықаралық-құқықтық актілерге, мемлекетішілік нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік бағдарламаларға және т.б. сілтемелер дәйексөз келтіруге қарай соңғы сілтемелер түрінде ресімделеді.

Келтірілген басылымның атауы *курсивпен* белгіленеді.

Кітаптардағы тараулар, мақалалардың атаулары ағылшын тіліндегі "тырнақшалармен" белгіленеді.

Авторға(ларға) нұсқау. Автордың тегі жазылады, үтір қойылады, одан кейін оның инициалдары көрсетіледі. Бір автордың бірнеше жұмысына сілтемелер хронологиялық тәртіпте беріледі. Автордың бір жылы жарияланған жұмыстарына сілтеме жасағанда, басылым жылына латын әріптерін (а, в, с) және т.б. қосу арқылы жұмыстарды ажырату керек (Jackson, A., 2024a: 12), (Jackson, A., 2024b: 75-76).

Егер мақаланы екі автор дайындаған болса, олардың фамилияларының арасына "and" жалғаулығы жазылады. Егер үш автор болса, онда бірінші және екінші автор үтірмен, екінші және үшінші авторлар "and" жалғаулығымен бөлінеді. Авторлар үштен көп болған кезде алғашқы үшеуі үтір арқылы көрсетіледі, содан кейін «және т.б.» қойылады.

Кітаптарға сілтемелерді рәсімдеу келесілерді қамтуға тиіс:

Автордың тегі, аты-жөні, үтір; (жақшадағы басылым жылы) – үтір; кітаптың атауы – *курсивпен*; басылым нөмірі (егер екінші және одан кейінгі басылымға сілтеме жасалса) – үтір; баспагер (баспахана) – үтір; басылым қаласы – нүкте.

Егер дереккөз электронды түрде келтірілсе, онда соңында көрсетілуі керек: available at: жүгіну кезіндегі толық URL.

Кітаптар тарауларына сілтемелер. Аты-жөні (жылы), «Тараудың атауы», редакторлардың аты-жөні, *Кітаптың атауы курсивпен* [Кітап атауының аудармасы], басылымның №, баспа, қала, ел, тараудың бет нөмірлері көрсетіледі.

Журнал мақалаларына сілтеме құрылымы: Аты-жөні, (жақшада жарияланған жылы), *мақаланың атауы – курсивпен*, журналдың нөмірі, журналдың атауы, егер бар болса, том №-і және шығарылым нөмірі, мақала беттерінің нөмірлері.

Электронды журналдарға сілтеме: тегі, аты, шыққан жылы, *тырнақшадағы курсивпен мақаланың атауы*, журналдың атауы, том №-і немесе шығарылым нөмірі, мақала беттерінің нөмірлері, available at: жүгінген кездегі толық URL.

Толығырақ қараңыз:

Ағылшын тілінде: <http://www.citethisforme.com/harvard-referencing>

<https://librarydevelopment.group.shef.ac.uk/Assets/pdfs/referencing/harvard.pdf>

<https://www.adelaide.edu.au/library/ua/media/4332/library-qrg-harvard-referencing.pdf>

Орыс тілінде: https://lib.herzen.spb.ru/media/manual/harvard_style.pdf

https://geo.tsu.ru/content/faculty/structure/chair/tourism/Фотогалерея/standart_Harvard.pdf

2. Әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық деректерді (мақаланың атауы, авторлардың әрқайсысы туралы мәліметтерді (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны, мекен-жайы, қаласы, елі, телефоны, E-mail) – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсету қажет).

3. **Редакция мекенжайы:** 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік корпусы, каб. 402. Тел: (7172) 709-500 (ішкі 31-410).

Этика

«Еуразия халықаралық құқық журналы» журналының редакциясы саясаты Жариялау этикасы бойынша комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics) журнал редакторлары үшін Ғылыми жарияланымдар этикасы қағидалары бойынша нұсқаулықта баяндалған ғылыми мерзімді басылымдардың дәстүрлі этикалық қағидаларын басшылыққа алады, ең бастысы, келесі талаптарды қамтиды:

Авторлар. Авторлардың Журнал жұмысына қатысуы әріптестермен шығармашылық өзара іс-қимылды нығайтуға, зерттеушілер мен оқырмандарға халықаралық құқықтың әртүрлі өзекті аспектілері бойынша беделді ғалымдардың көзқарасын білуге мүмкіндік береді, ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді және т.б. Авторлар жариялау этикасын сақтайды.

• **Мақалаларды баспаға жіберу авторлардың баспагердің – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналда мақалаларды басып шығару және оларды кез келген шет тілінде қайта шығару құқығына келісімін білдіреді.** Қолжазбаны редакцияға жіберу арқылы автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын бұзбағанына кепілдік береді. Авторлар журналдың баспагеріне – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетіне шексіз мерзімге айрықша құқықтар береді:

- даналардың таралымын шектемей туындыны көбейту (жариялау, халыққа тарату, қайталау, таралымын көбейту немесе өзге де туындыны көбейту) құқығы, туындыны кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте көбейту кезінде туындының әрбір данасында Туынды авторының (авторларының) аты-жөні болады;

- құрама туындыға қосу құқығы;
- жалпы жұрттың назарына жеткізу құқығы;
- туындының метадеректерін (атауы, автордың (құқық иеленушінің) аты-жөні, аңдатпалар, библиографиялық материалдар, туындының толық мәтіні және т.б.) тарату және жалпыға бірдей жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған шығарманың толық мәтінді нұсқаларына қосу арқылы пайдалану құқығы.

- Авторлар баспагердің туындыларға құқықтарын пайдаланатын аумақтың шектелмегенімен келіседі.

- Автор(лар) журнал баспагеріне өзінің дербес деректерін (аты-жөні, білімі туралы мәліметтер, жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы мәліметтер) сақтау және өңдеу құқығын мерзімі бойынша шектеусіз етіп береді. Дербес деректер оларды әртүрлі деректер базалары мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, талдау және статистикалық есептерге қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің осы дербес деректермен негізделген өзара байланыстарын жасау және т.б. үшін ұсынылады.

- Автор(лар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін толық көлемде жауапты болады.

- Автор(лар) журналдың баспагері туындыны плагиатқа тексеруге өз келісімін береді.

- Автор(лар) жіберілген туынды бұрын еш жерде жарияланбағанын, жіберілмегенін және басқа ғылыми басылымдарға жариялауға жіберілмейтінін растайды.

- Автор журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау процедурасын, авторларға арналған нұсқаулықты, жарияланым этикасын қамтитын журналдың редакциясы саясатымен таныстырылады.

Бас редактор:

журналдың тұжырымдамасын, мақсаттарын, міндеттерін әзірлейді, журнал нөмірлерін дайындау, сайтты жүргізу, мемлекеттік, халықаралық органдармен және ресми тұлғалармен ынтымақтастық процесін басқарады, журналдың жұмысына қажетті өзге де ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді;

белгілі ғалымдармен оларды редакциялық алқаға тарту мақсатында, сондай-ақ рецензенттер немесе авторлар ретінде тартуға жұмыс істейді;

техникалық талаптарға сәйкестігі бойынша бастапқы іріктеуден және плагиатқа қарсы тексеруден өткен әрбір келіп түскен мақала бойынша рецензенттерді айқындайды;

авторлардың, рецензенттердің, редакция алқасы мүшелерінің жариялау этикасын сақтауын бақылайды;

рецензенттердің пікірлері мен ағымдағы нөмірдің мазмұнын анықтау бойынша журналдың редакция алқасының отырысында материалды талқылау негізінде келіп түскен материалды жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды;

бір мақалаға оң және теріс рецензиялар келіп түскен жағдайда, оны қосымша рецензиялау үшін үшінші маманға жібереді не мақаланы жариялау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды;

Редакция алқасы отырыстарын өткізеді.

Редакция алқасы құрамы отандық және шетелдік ғалымдардан, оның ішінде Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) халықаралық дерекқорларында журналдың тақырыптық бағыты бойынша Хирш индексі жоғары ғалымдардан тұрады.

Редакция алқасы мүшесі:

көрнекті ғалымдарды автор ретінде тарту үшін олармен жұмыс істейді;

журналды танымал етуге, сондай-ақ оны өз еліндегі және халықаралық деңгейде рецензияланатын ғылыми басылымдар тізіміне енгізуге ықпал етеді;

Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) халықаралық дерекқорлар базасында жеке Хирш индексін жоғарылатады;

Редакция алқасының отырыстарына қатысады, журналды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Бас редактор және редакция алқасы мүшелері:

жариялауға ұсынылған мақалалардың сапасына ерекше назар аударуға;

журналдың редакциясы алқасының отырыстарына қатысуға, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісу/келіспеу бойынша өзінің дәлелді шешімін айтуға, журнал нөмірлерінің мазмұнын айқындау бойынша шешімдер қабылдауға;

қолжазбалардың зияткерлік мазмұнын автордың/авторлар ұжымының тіліне, жынысына, нәсіліне немесе этникалық тегіне, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан бағалауға;

өзінің барлық қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және жариялау этикасының ережелерін басшылыққа алуға міндетті.

Журнал редакциясы:

Журнал редакциясы мақала авторларымен тікелей жұмыс істейді, авторларға ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялау бойынша қызмет көрсету агенттіктерімен жұмыс істемейді.

плагиатты тексерудің лицензиялық жүйесін, оның ішінде халықаралық деректер базасы бойынша пайдаланады;

әр мақалаға DOI (doi) анықтайды;

журналдың электрондық сайтын (беттерін) (оның ішінде қазақ және ағылшын тілінде) тұрақты толтыру арқылы ғылыми басылымның ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етеді, онда:

ғылыми басылымның қағаз және/немесе электронды нұсқасы туралы ақпарат, басылымның құрылтайшысы және (немесе) басылым меншік иесі туралы мәліметтер және оның сайтына сілтеме;

ғылыми басылымның мақсаты мен тақырыптық бағыты;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (бар болса), жұмыс орны, белсенді цифрлық сәйкестендіргіші (ORCID (ОРСИД) немесе институциялық бейіндерге сілтемесі көрсетілген редакция алқасының (редакция кеңесінің) құрамы. Редакция алқасының мүшелері сәйкестендірілген және байланыс үшін қол жетімді;

мақалаларды рецензиялау түрі мен тәртібі;

жарияланым этикасының сақталуын бақылайды және ол бұзылған жағдайда бас редакторға дереу хабарлайды.

Қажет болған жағдайда автордың аңдатпаларын, түйін сөздері мен деректерін қазақ тіліне аударуды жүзеге асырады;

құжаттаманы (журнал мұрағаты, хат алмасу және т.б.) жүргізеді.

Редакция авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикаға сай емес қылығын анықтаған жағдайда тез арада шешім қабылдауға міндеттенеді.

Авторлардың, редакторлардың немесе баспагерлердің өз мақалаларына өз бетінше рецензия беру, жасанды және жалған рецензиялау, ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау жөніндегі агенттік қызметтеріне жүгіну, авторлар құрамын бұрмалау, жалған ғылыми мәтіндерді жариялау, авторлардың келісімінсіз мақалалардың мәтіндерін басқа журналдарға беру, авторлардың материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықтарды және редакциялық процестердің құпиясы қағидаларын бұзу, дәйексөзді манипуляциялау, плагиат, бұрмалау және ойдан шығару әрекеттері әдепке жатпайтын әрекеттер деп саналады.

Қолжазбаны қарау немесе оны баспасөзге дейінгі дайындау процесінде автордың(лардың) этикаға сай емес қылығы анықталған жағдайда редакция қолжазбаны одан әрі қарамауға және автормен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы. Автордың этикаға сай емес қылығы мақаласы жарияланғаннан кейін анықталған жағдайда (параллельді жариялау, авторлық құқықты бұзу, плагиат және т.б. фактілердің анықталуы), редакция басқа журналдарға (мақала бір уақытта қатар жарияланған) автор(лар)дың әдепсіз әрекеттері туралы хабарлай отырып, мақаланы журнал сайтынан да, мұрағаттау және ғылыми индекстеу базаларынан да ретрагирлеу (алу, кері қайтарып алу) туралы шешім қабылдауға құқылы. Егер мақаланың жариялануына байланысты елеулі мәселелер (автордың этикаға сай емес қылығы) табылмаса, редакция жариялаудан бас тарту (ретрагирлеу) туралы негізсіз шешімдерді қабылдамауға міндеттенеді.

Рецензенттер:

жарияланатын мақаланың сапасын, нәтижелерді ұсынудың дұрыстығы мен анықтығын – ұсынылған рецензия құрылымына сәйкес бағалайды;

қолжазбалардың мазмұнын автордың/авторлар ұжымының тіліне, жынысына, нәсіліне немесе этникалық тегіне, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан қарастырады;

рецензияларды редакция алқасы ұсынған мерзімде мақалаларды беру және рецензиялаудың онлайн-жүйесіне жібереді;

«шартты» рецензиялауға жол бермейді;

мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарастырмайды, бұл туралы бас редакторға дереу хабарлайды.

Авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің жоғарыда айтылмай қалған этикалық жүріс-тұрыс нормаларын бұзуы ықтимал жағдайлары Жарияланым этикасы бойынша комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидалары бойынша нұсқаулығының негізінде шешілетін болады.

Ұсынылатын мақалаларға қойылатын талаптар.

Мақала:

- редакция талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс;
- жіберу кезінде жарияланбауы немесе басқа басылымда қарастырылып жатпауға тиіс;
- түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтуы керек;
- автор/авторлық ұжым жұмысының нәтижелерін ғана қосу керек (өзге тұлғаларды қосуға жол берілмейді). Мақаланы жіберу арқылы барлық авторлар осы журналдағы жарияланыммен келіседі және мақалада авторларды көрсету тәртібіне қарсы емес деп саналады;
- дәйексөздер тізімінде зерттеу барысында шынымен пайдаланылған дереккөздерді ғана қамтуы керек;
- мақалада барлық пайдаланылған дереккөздер (соның ішінде автордың/авторлық ұжымның жұмысы) көрсетілуі керек.

Қаралған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты шағымдар болған жағдайда редакция алқасы жауап шараларын қабылдауға міндеттенеді, яғни алдымен мақала авторынан түсініктемелер сұрайды. Тергеп-тексеру автордан қанағаттанарлықсыз жауап алған жағдайда ғана жүргізіледі.

Редакция бас редакторға, редакция алқасы мүшелеріне, рецензенттерге журналда мақала жариялауға мүмкіндік береді, бірақ олар өз ұстанымдарын пайдалана алмайды. Барлық мақалалар, соның ішінде арнайы басылымдардың жауапты редакторларының мақалалары да рецензиялау рәсімінен өтеді және журналдың редакция алқасының отырысында қаралады.

Жарияланған мақалаларда өрескел қателер (формулалардағы қателер, техникалық себептер бойынша көрсеткіштер) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпаратты келесі нөмірлерде жариялай алады.

Абдиев Жанат Е.М. (им.)

(Signature)

**Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ ректоры - Басқарма төрағасы
Е.Б. Сыдықовқа**

ІЛЕСПЕ ХАТ

Авторлар осы хатты басшылыққа ала отырып, «Еуразия халықаралық құқық журналы» журналына «**МАҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ**» мақаланың автор(лар)ы **АВТОРЛАРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ** ғылыми мақаласын жариялауда ешкімнің авторлық құқығын бұзбағаны жөнінде кепілдік береді. Авторлар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журнал баспасына шектеусіз мерзімде келесідей айрықша құқықтарды ұсынады:

- мақаланы шығару құқығы (жариялауға, таратуға, көбейтуге, тираждауға немесе мақаланың басқа да көбеюлеріне), даналар таралымының шектеусіздігіне, мақаланы кез келген жолмен тарату құқығын береді. Сонымен қатар, бұндай жағдайда, мақаланың әрбір данасында *автор(лар)дың аты-жөні* болады;

- мақаланы құрама жұмысқа енгізу құқығы;

- жалпыға жария ету құқығы;

- мақалалардың метадеректерін пайдалану құқығы (атауы, автор(лар)-дың аты-жөні (авторлық құқық иесі), андатпалар, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.). Осы арқылы, мақалаларды жалпыға жариялау және жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорларға және ақпараттық жүйелерге, оның ішінде мақаланың жарияланған толықмәтінді нұсқаларын енгізу құқығы.

Мақаланы қолдану құқығының аумағы шектелмеген.

Сондай-ақ, *автор(лар)* журнал баспасына сақтау және жеке деректерді мерзімсіз өңдеу құқығын береді (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы, жұмыс орны және лауазымы жайлы мәлімет). Дербес деректер оларды сақтау және әртүрлі дерекқорларда және ақпараттық жүйелерде өңдеу, оларды аналитикалық және статистикалық есептілікке қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен және т.б. негізделген өзара байланысын құру үшін ұсынылады.

Автор(лар)ға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін толық көлемде заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік міндеттеледі. *Автор(лар)* журнал баспасына мақаланы плагиат мәнін тексеруге келісімін береді.

Автор(лар) мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және жіберілмейтінін растайды.

Орындаған: автор(лар)дың аты-жөні

** Ілеспе хат ұйымның ресми бланкісінде ресімделеді және оған ұйым басшысы (ЖОО үшін - ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі проректор) қол қояды.*

*** Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлері – авторлардың ілеспе хатын факультет деканы куәландырады.*